

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 5 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты С.Әбдірахмановтың,

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.В.Белоруковтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Е.Ж.Жұмабаев пен Р.Қ.Сәрпековтің,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы С.І.Райымбаевтың,

Республика Бас Прокурорының бірінші орынбасары О.И.Жұмабеков пен Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Республика Әділет вице-министрі Р.Ш.Шамсутдиновтың,

Республика ҰҚК заң басқармасының бастығы Ғ.Ж.Әбдірахмановтың,

Республика ІІМ тергеу департаменті бастығының орынбасары А.М.Череповтың,

сарапшылар: заң ғылымдарының докторы, профессор, Республика Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті Ғ.Сапарғалиевтің, заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ч.Қоғамовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне

прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының конституциялылығын тексеру жөніндегі өтінішін қарады.

Республика Үкіметі, Бас прокуратурасы және Әділет министрлігі берген ақпараттарды, сарапшылардың қорытындыларын, сондай-ақ конституциялық іс жүргізудің өзге де материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Қ.Ә.Омархановтың хабарламасын, өтініш субъектісінің өкілі мен отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны

анықтады:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Республика Парламенті 2002 жылғы 25 маусымда қабылдаған және ол Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына 2002 жылғы 1 шілдеде келіп түскен.

Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Республика Парламентінің 24 депутаты жоғарыда аталған Заңның конституциялылығын тексеру жөнінде Конституциялық Кеңеске өтініш жолдаған.

1. Өтініш субъектісінің пікірі бойынша, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының кейбір ережелері мына негіздер бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді:

1) Заңның 15-бабы 3) тармақшасы және 18-тармағы арқылы соттардың қылмыстық және азаматтық істер бойынша құқықтық актілерін тоқтата тұруға құқығы бар прокуратура органдары лауазымды адамдарының тізбесі кеңейтіледі. Атап айтқанда, бұл құқық Бас Прокурордың орынбасарларына беріледі, ал ол соттар актілерінің міндеттілігі (Конституцияның 76-бабы 3-тармағы) және судьяның тәуелсіздігі (Конституцияның 77-бабы 1 және 2-тармақтары) туралы конституциялық принциптерге қайшы келеді;

2) сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады (Конституция 75-бабының 1-тармағы), оның дауланып отырған мәселелер бойынша шешімдері түпкілікті және орындалуы міндетті, соған байланысты тек оның шешімдері мәжбүрлеу тәртібімен орындалуға тиісті (Конституцияның 76-бабы 3-тармағы). Прокурорлық шара көру актілерін мәжбүрлеп орындату (5-баптың 19) тармақшасы, Заңның 16-тармағы), сондай-ақ оларды орындамағаны үшін жауапкершілік шараларын белгілеу (Заңның 14-тармағы және 20-тармағының 4)

тармақшасы) жоғарыда аталған конституциялық ережелерге де, Конституцияның 13-бабы нормаларына да сәйкес келмейді, өйткені азаматтардың сот арқылы қорғалу құқығы бұзылады;

3) жедел-іздістіру шаралары тек қылмыстық іс тергелген кезде ғана жүргізіледі, құқықтық қатынастардың басқа салаларында оған жол берілмейді. Сондықтан прокуратураға жедел-іздістіру шараларын қылмыстық-процессуалдық қатынастар шеңберінен тыс жүргізуге бастамашылық жасау құқығын беру, прокуратураның жедел-іздістіру қызметінің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын конституциялық өкілеттігімен үйлеспейді (Конституцияның 83-бабы 1-тармағы).

4) Республика Үкіметі ұсынған, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасы 17 заң актісін түзетуді көздеген болатын. Республика Парламенті Мәжілісінің депутаттары талқылау барысында тағы үш заң актісіне: Қылмыстық іс жүргізу Z970206_ және Азаматтық іс жүргізу K990411_ кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы K010155_ кодекске тұжырымдамалық жағынан өзгерістер мен толықтырулар енгізді, ал бұл заң шығару бастамасы субъектілерінің Конституциямен белгіленген заң жобасына бастамашылық жасау рәсімдеріне қайшы келеді.

Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның Қазақстан Республикасының K951000_ Конституциясына сәйкестігі мәніндегі өтінішін қарай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді.

Конституцияның 76-бабы 3-тармағына сәйкес соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Бұл конституциялық принцип сот анықтаған мән-жайларға, олардың құқықтық бағасына және сот актілерінде көрсетілген нұсқамаларға қатысты міндеттілікті де, соттардың құқықтық актілерін барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының, жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде орындауын да білдіреді.

Сонымен бірге, соттардың шешімдері, үкімдері және өзге де қаулылары түпкілікті сипатқа ие емес.

Соттың құқықтық актісінің түпкіліктілігі, Конституцияның әркімнің сот арқылы қорғалу құқығын белгілейтін 13-бабы 2-тармағының талабына қайшы келеді. Бұл конституциялық құқық адамның, азаматтың құқықтары мен бостандығын кез келген озбырлықтан да, соттың қате шешімдерінен де қорғауды көздейді. Істі жоғары тұрған сот сатыларында қайта қарау мүмкіндігі мұндай

қорғаудың ең бір тиімді кепілі болып табылады, ол заңдар арқылы қамтамасыз етілуге тиіс. Сот, атап айтқанда аудандық (қалалық) сот шешімінің түпкіліктілігі, мүдделі органдар мен адамдардың сот қателіктерін түзету мақсатындағы наразылығы, шағымы бойынша шешімнің заңдылығы мен негізділігін басқа сот сатылары тексеруі мүмкіндігін жоққа шығарады. Аудандық соттың қаулысын түпкілікті және шағымдануға жатпайды деп тану сот билігін де шектейді, бұл Конституцияның сот органдарының жүйесі мен негізгі өкілеттігін белгілейтін 75, 76 және 81-баптарына сәйкес келмейді, және прокуратураның Республика Конституциясы 83-бабы 1-тармағының ережелерінен туындайтын өкілеттігін де шектейді.

Сол арқылы, сот шешімінің түпкіліктілігі оған сот тәртібімен шағымданудың, заңдылығы мен негізділігін одан әрі тексерудің құқықтық мүмкіндігін жоққа шығарады, соған байланысты олардың, кейін сот бақылауының және сот қателігін түзетудің кепілі ретінде, орындалуын тоқтата тұру мүмкін болмай қалады.

Республика Конституциясына негізделген бұл құқықтық позициялар Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 5 мамырдағы N 8/2 S990008_ , 1998 жылғы 5 маусымдағы N 3/2 S980003_ , 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 S970003_ және 2000 жылғы 10 шілдедегі N 14/2 S000014_ қаулыларында білдірілген.

Судьяның тәуелсіздігі және сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмеу принциптеріне келер болсақ , Конституцияның оларды белгілейтін 77-бабы 1 және 2-тармақтарында, нақты іс бойынша шешім шығарылғанға дейін, соттың Конституция мен заңдарға негізделген, объективті және бейтарап сот төрелігін іске асыруына кедергі келтіру мақсатында сотқа кімнің де болсын тарапынан кез келген түрдегі заңсыз ықпал етуі туралы сөз болып отыр.

Сот іс бойынша қорытынды шешім қабылдау арқылы өндірісті аяқтап, сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің мақсат-міндетін орындағаннан кейін сот актілерінің орындалуын тоқтата тұруға болады. Мұндай тоқтата тұру заңмен белгіленген сотта іс жүргізу нысандарының сатысы болып табылмайды және де сот тәуелсіздігіне қалай да болмасын қол сұқпайды. Сот актілерінің орындалуы Республика заңнамасымен өкілеттік берілген өзге мемлекеттік органдардың қарауына жатады.

Республиканың қолданыстағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 466-бабы және Азаматтық іс жүргізу кодексінің 396-бабы редакцияларына сай Жоғарғы Соттың Төрағасы және Бас Прокурор соттардың құқықтық актілерінің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл құқық олардың айрықша құзыреті

болып табылмайды және мұндай өкілеттігі бар лауазымды адамдардың тізбесі заңмен кеңейтілуі мүмкін, ол Республика Конституциясының талаптарына қайшы келмейді.

Өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратын Қазақстан Республикасында (Конституцияның 1-бабы 1-тармағы), адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі (Конституцияның 12-бабы 1-тармағы), соған байланысты заңдылық режимін қамтамасыз ету мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды адамдары қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан да мемлекет заңдылық бұзылуын анықтау жөніндегі шараларды және оларды жоюды көздейтін механизмдерді белгілеуге хақылы. Мұндай өкілеттік Конституцияның 61-бабына сай Республика Парламентінің құзыретіне жатады.

Конституцияның 13-бабы 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Сонымен бірге, Конституция адамға және азаматқа өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығын береді (Конституцияның 13-бабы 1-тармағы). Бұл аталған конституциялық норма адамның және азаматтың өз мүдделерін қорғау құралын таңдауда, соның ішінде прокуратура органдарына өтініш беру арқылы, еркін қалауын білдіруін көздейді.

Конституциялық құрылысты, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын прокуратура, Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады (Конституцияның 83-бабы 1-тармағы). Заңдылықтың кез келген бұзылуын жою мақсатында өзінің заңмен белгіленетін құзыреті шегінде шаралар қолданады (Республика Конституциясының 83-бабы 1 және 4-тармақтары).

Мемлекеттік биліктің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті (Конституцияның 40-бабы 2-тармағы), өзінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 U010536_ "Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығында Республика Үкіметіне қолданыстағы заңнамаға прокурорлардың актілері мен талаптарын міндетті түрде орындауды, оларды мәжбүрлеп орындату механизмін айқындауды және прокурорлық қадағалаудың талаптары мен актілерін орындамағаны үшін лауазымды адамдар мен азаматтардың жауапкершілігін белгілеуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеп, Республика Парламентіне қарауға енгізуді тапсырды.

Бұл баяндалғаннан туындайтыны, конституциялық ережелер прокурордың құқықтық актілерін мәжбүрлеп орындату шаралары мен механизмін, оларды орындамағаны үшін жауапкершілік шараларын заңмен регламенттеуге кедергі келтірмейді.

Конституцияның 83-бабы 1-тармағынан сондай-ақ туындайтыны, прокуратура заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау жөнінде заңмен көзделген шаралар қолданады. Бұл аталған конституциялық ереже әлгі конституциялық міндетті жүзеге асырудың тәртібі мен тәсілін, атап айтқанда, прокурордың өз қаулысымен жедел-ізвестіру шараларын өткізуге бастамашылық жасау құқығын заңмен белгілеуге кедергі келтірмейді. Сонымен бірге мұндай өкілеттік прокуратураға қылмыстық іс жүргізу қатынастары шегінде ғана емес, ол жүргізетін прокурорлық қадағалаудың барлық нысандары мен түрлерінде тиесілі болуы мүмкін. Бұл орайда Конституцияның 83-бабы 1-тармағының нормаларына сай прокуратура қадағалаудың құқықтық құралдарын заңмен көзделген шекте пайдалана отырып, оны іске асыруға уәкілетті органдардың қызметінде заңдылықты қамтамасыз етуге міндетті.

Республика Конституциясының 61-бабы Республика Парламенті депутаттарының және Үкіметінің заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыруының тәртібін және заң жобасын Парламентте қараудың рәсімін белгілейді. Конституция 61-бабының кейбір нормаларына Республика Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 8 маусымдағы N 8/2 қаулысында түсіндірме берілген болатын.

Заң шығару бастамасы құқығы тек қана Парламент Мәжілісінде жүзеге асырылады. Заң жобасын Мәжілісте қараған кезде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, бұл Парламент пен оның Палаталарының заң шығару функцияларын жүзеге асыру жөніндегі мәртебесі мен өкілеттігін белгілейтін конституциялық ережелерден туындайды. Конституцияның 61-бабы 4-тармағы заң шығару процесінің Мәжілістің заң жобасын мақұлдағанынан кейін келетін сатысын регламенттейді. Сенатқа берілген заң жобасы әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады, Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жағдайда заңға айналады және он күннің ішінде Мемлекет басшысының қол қоюына беріледі. Одан тыс заң жобасын қабылдамау рәсімі көзделген, сонымен бірге Сенат қайта қабылдамаған жағдайда оны сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды деп көзделген. Конституцияның 61-бабы 5-тармағынан туындайтыны, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына Сенат өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хақылы. Сенат ұсынған түзетулерді келісу тәртібі Конституцияның, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық Z952529_ заңның нормаларымен, Парламенттің, Сенаттың және Мәжілістің регламенттерімен

белгіленген. Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі

Конституциялық Кеңес, Парламент "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңды қараған кезде жоғарыда аталған конституциялық ережелерді бұзбағанын анықтады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның 2-тармағының 2) тармақшасы, 5-тармағының 19) тармақшасы, 14-тармағы, 15-тармағының 3) тармақшасы, 16 және 18-тармақтары, сондай-ақ осы Заңға бастамашылық жасау, оны қарау және қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына қайшы келмейді деп есептейді.

Ескерту. Дәлелдеу бөлігіне өзгеріс енгізілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның мынадай ережелерін де Республика Конституциясына сәйкестігі мәнінде қарады:

санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және кеден органдары лауазымды адамдарының тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы прокурорды хабардар етуге міндеттілігін және олар заңсыз болған жағдайда прокуратураның бұл шаралардың күшін жою немесе алып тастау құқығын белгілейтін 1-тармағының, 1) тармақшасының және 3-тармағының 3) тармақшасы төртінші абзацының нормаларын;

прокурордың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың үй-жайларына кедергісіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында дереу қабылдануға, құжаттар мен материалдарға қол жеткізуге өкілеттігі бөлігіндегі 5-тармақ 7) тармақшасының бесінші абзацының нормаларын;

прокуратура органдарына келуден бас тартқан лауазымды адамдар мен азаматтарды прокуратура органдарына жеткізу (күштеп әкелу) тәртібін белгілейтін 5-тармақтың 19) тармақшасы бесінші абзацының нормасы;

прокурор, заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес деген бөлігіндегі 5-тармақ 7) тармақшасының тоғызыншы абзацының нормаларын;

Бас Прокурордың өз құзыреті шегінде Қылмыстық іс жүргізу кодексінің және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнаманың нормаларын қолдану мәселелері бойынша, алдын-ала анықтау және тергеу органдары, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар үшін орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдау құқығы туралы 5-тармақтың 9) тармақшасы төртінші абзацының, 2-тармақтың 10) тармақшасы екінші абзацының, 15-тармақтың 1) тармақшасы үшінші абзацының нормалары;

прокурордың жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар тарапынан заңдылық бұзылуын анықтау мақсатында прокуратура органдарының мамандарын қатыстыруға құқылы екендігін білдіретін 2-тармақтың 10) тармақшасы үшінші абзацының нормасы.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 1994 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Z942000_ Заңының 15-бабының он алтыншы-жиырма бірінші абзацтарында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың, шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметінде санитарлық ережелер мен нормалар, гигиеналық нормативтер бұзылуын анықтаған, сондай-ақ мұндай қызметті одан әрі жүзеге асыру адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда олардың қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу және тоқтата тұру құқығы белгіленген.

Одан тыс, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368_ Заңның 100-бабымен тауарларды жоюдың кедендік режимі, дәл осы Заңның 207-бабымен - кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылау өткізу үшін аумақ пен үй-жайларға кіру тәртібі айқындалады.

Жоғарыда аталған Заңдардың нормаларына толықтырулар енгізудің мәні сол, бұл өкілеттікті санитарлық-эпидемиологиялық және кеден органдары бұрынғы көлемінде, бірақ жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып жүзеге асырады. Хабарламаны алғаннан кейін, прокурор жүргізілген іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда, тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жою немесе алып тастауға дейін прокурорлық қадағалау шараларын қолданады.

Бұл аталған ережелер Республика Конституциясының нормаларымен үндеседі. Мәселен, оның 83-бабының 1 және 4-тармақтары прокуратураның заңмен белгіленетін өз құзыреті шегінде заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау және жою жөнінде шаралар қолданатынын көздейді. Одан тыс, мұндай шаралар Конституция мен заңдар, азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері сақталуының қосымша кепілі болады, бұл Конституция талаптарына, оның негізгі ережелері мен принциптеріне сәйкес келеді.

Республика Конституциясының 34-бабы 1-тармағына және 6-бабы 2-тармағына сай "Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті", "Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. ... меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері ... заңмен белгіленеді" . Бұл конституциялық ережелер, сондай-ақ прокуратураның өкілеттігін регламенттейтін нормалар, прокурордың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың үй-жайларына кедергісіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында дереу қабылдануға, құжаттар мен материалдарға қол жеткізуге құқығын заңмен белгілеуге кедергі келтірмейді. Олар прокуратураның Конституция және заңдар арқылы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауына септігін тигізеді.

Атай кету керек, бұл көрсетілген өкілеттік прокуратураға заңмен бұрын да берілген болатын, түзетулер оларды тек прокурордың лауазымды адамдарда дереу қабылдану құқығымен ғана толықтырды.

Прокуратура Конституцияның, заңдардың, Республика Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау және жою жөнінде шаралар қолдану жөніндегі өзінің өкілеттігін жүзеге асыру үшін тиімді әрі пәрменді құқықтық құралдар жиынтығына ие болуға тиіс, бұл Конституцияның 83-бабы 1-тармағы нормасының мазмұнынан келіп туындайды.

Мәселен, заңды бұзушылық туралы өтініштер, шағымдар, хабарлар және басқа да мәліметтер, заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуы прокурорлық тексеріс жүргізу үшін негіздердің бірі болып табылады (Республика Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заң күші бар Жарлығының Z980266_ 5-бабы). Егер заңды бұзушылық туралы мәліметтерді толық, объективті, жан-жақты және заңды тексеруді, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауды, заңдылық режимін қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін тиісті лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат алу қажет болса, олар прокуратура органдарына келуге және түсініктеме (айғақ) беруге міндетті. Прокурордың заңды талаптары орындалмаған жағдайда мәжбүрлеу және жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін, бұл прокуратура органдары қызметінің құқықтық кепілі болып табылады (Республика Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заң күші бар Жарлығының 6-бабының 1-тармағы және 3-бабының 4-тармағы).

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның бұл ережелері (7) тармақшаның жетінші абзацы және 5-тармақ 19) тармақшасының бесінші абзацы) Конституция талаптарына, атап айтқанда оның 34-бабы 1-тармағының, 39-бабы 1-тармағының, 83-бабы 1 және 4-тармақтарының нормаларына қайшы келмейді.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның 5-тармағы 7) тармақшасы тоғызыншы абзацының нормалары да Республика Конституциясының талаптарына сәйкес келеді, ол нормаларға сай прокурор, заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес.

Заңның жоғарыда аталған нормалары өзінің өкілеттігін іске асыру кезінде прокуратураның тәуелсіздігін, азаматтардың, мемлекет пен ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Республика Конституциясының 18-бабы 3-тармағынан туындайтын, әркімнің өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу құқығы, сондай-ақ мемлекеттің, лауазымды адамдардың бұл құқықты қамтамасыз ету міндеті басқа конституциялық нормалармен, атап айтқанда Конституцияның 20-бабы 2-тармағының және 39-бабы 1-тармағының нормаларымен жүйелі байланыста бола отырып жүзеге асырылады, бұл нормаларда "Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді", "Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін", - делінген. Конституцияның 18 және 20-баптарымен көзделген құқықтар, ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс құқықтар мен бостандықтар тізбесіне (Конституцияның 39-бабының 3-тармағы) кірмейді.

Одан тыс, Республика Конституциясының 83-бабы 2-тармағымен прокуратураның өз өкілеттігін іске асырудағы тәуелсіздігі принципі баянды етіліп, ол Республика Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заң күші бар Жарлығында әрі қарай дамуын тапты. Жарлықтың 3-бабында, прокуратура өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады; өздерінің заңда белгіленген өкілеттігін жүзеге асырған кезде

прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады; прокуратура органдары Республиканың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасайды деп көзделген.

"Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Республика Z000107_ Заңының 13-бабымен ақпарат алмасуға қойылатын талаптар белгіленген. Осы баптың 4-тармағында, ақпараттық рәсімдер мемлекеттің мүдделерімен байланысты қызметтік және өзге де ақпараттың жария етілуіне жол бермеуі тиіс; мемлекеттік қызметшілерге қызметтік ақпарат оларға жүктелген қызмет міндеттерін орындау үшін ғана беріледі. Заңның 15-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру рәсімдерін белгілеп, бұл рәсімдер азаматтардың жеке өмірі, жеке басы және отбасы құпиясы туралы мәліметтерді олардың келісімінсіз жариялау мүмкіндігіне жол бермеуді көздейді.

Арнайы пайдалану режимі заң арқылы сондай-ақ коммерциялық, салық, банк құпиясына, техникалық және ұйымдастырушылық ақпаратқа, өндіріс құпиясына (ноу-хау) және басқа ақпаратқа қатысты белгіленген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде мынаны атап өткен жөн, Конституцияның 18-бабы 3-тармағымен және 20-бабы 2-тармағымен көзделген азаматтардың конституциялық құқықтары заңдармен белгіленетін шектерде және тәртіппен жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңмен, Бас Прокурор өз құзыреті шегінде Қылмыстық іс жүргізу Z970206_ кодексінің және жедел-ізвестіру қызметі туралы Z944000_ заңнаманың нормаларын қолдану мәселелері бойынша, алдын-ала анықтау және тергеу органдары, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар үшін орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды деп белгіленген (2-тармақ 10) тармақшасының екінші абзацы, 5-тармақ 9) тармақшасының төртінші абзацы және 15-тармақ 1) тармақшасының екінші абзацы).

Бас Прокурордың бұл аталған өкілеттігі Республика Конституциясының талаптарына қайшы келмейді. Мұндай және соған ұқсас құқықтық қатынастарды регламенттеу Конституция нормаларымен реттеу нысаны емес, оның ережелері мемлекеттік органдарды ұйымдастыру мен олардың қызметінің негіздерін, заңды тұлғалардың құқықтық субъектілігін заң арқылы белгілеуге жол береді (61-бап).

Енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулардың мәніне келер болсақ, Бас Прокурордың, басқа органдардың заңмен белгіленген құзыреті шегіне қол сұқпай, өз өкілеттігі шегінде прокуратура органдары мен мекемелерінің барлық қызметкерлері үшін де, заңмен белгіленген субъектілер қатары үшін де

орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілер шығаруға құқықтық мүмкіндігі бар. Бұл құқық бұдан бұрын да Республика Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заң күші бар Z980266_ Жарлығының 11-бабы 4) тармақшасымен және 22-бабы 2-тармағымен, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Республика Z980213_ Заңымен бекітілген болатын.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның, прокурорлардың жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдар тарапынан заңдылықты бұзуын анықтау мақсатында прокуратура органдарының мамандарын қатыстыруға құқығын көздейтін 2-тармағы 10) тармақшасы үшінші абзацының нормалары да Республика Конституциясына сәйкес келеді.

Мәселен, Республика Конституциясы 83-бабының 1 және 4-тармақтарына сай прокуратура заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау және жою мақсатында, қаралып отырған Заңға қатысты қолданыста - жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметінде, заңмен белгіленетін өз құзыреті шегінде шаралар қолданады.

Заңның 2-тармағы 10) тармақшасының үшінші абзацымен көзделген прокурорлық қадағалау шаралары қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінен тыс жүзеге асырылады, сондықтан, қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес жүргізілетін анықтама жүргізу мен алдын ала тергеудің прокуратурадан бөлінуін көздейтін Конституцияның 84-бабы ережелеріне қайшы келмейді.

Сол арқылы, Конституция нормалары прокурордың бұл аталған өкілеттікті жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

Жедел-іздігі қызметінің мәселелері заңмен реттелуіне байланысты (Конституцияның 84-бабы 2-тармағы), аталған өзгерістер мен толықтырулар " Жедел-іздігі қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Республика Z944000_ Заңына ғана енгізіліп отыр.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Республика Заңы қалған бөлігінде де сондай-ақ Республика Конституциясының талаптарына сәйкес келеді.

Мынаны атап өткен жөн, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген барлық жағдайларда мүдделі адамдар мен органдар прокурорлардың іс-қимылына сотқа шағымдануы мүмкін, сот олардың заңдылығын тексеріп шығып, қорытынды шешім қабылдайды. Бұл ереже әркімнің, Қазақстан Республикасы заңдарымен кепілдік берілген және қамтамасыз етілген, өз құқықтары мен бостандықтарының сот

арқылы қорғалуына құқығы туралы Республика Конституциясының 13-бабы 2-тармағынан келіп туындайды.

Осылайша, Республика Конституциялық Кеңесі, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Республика Парламенті, Конституцияда белгіленген тәртіпті сақтай отырып, өз өкілеттігі шегінде қабылдаған деп есептейді. Бұл Заңның нормалары мен ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық U952737_ заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 31-33 және 37-39-баптарын, 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Парламенті 2002 жылғы 25 маусымда қабылдаған және Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына 2002 жылғы 1 шілдеде берген, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы K951000_ Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағымен

көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің

Төрағасы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

